Ұлттық академиялық кітапханада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және қоғамда адалдық қағидаттарын нығайту мақсатында антикоррупциялық бағыттағы іс-шара өткізілді

Іс-шара барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық саладағы ашықтық пен есептілік қағидаттарын сақтау мәселелері кеңінен талқыланды. Қатысушыларға Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттары, қолданыстағы заңнамалық нормалар және азаматтық жауапкершіліктің маңызы түсіндірілді.

Кездесу аясында адалдық, әділдік және парасаттылық құндылықтарын дәріптеуге бағытталған пікір алмасу ұйымдастырылып, кітапхананың ақпараттық-ағартушылық қызметінің қоғамдағы құқықтық мәдениетті дамытудағы рөлі атап өтілді.

Аталған іс-шара ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы нөлдік төзімділік қағидатын қалыптастыруға және институционалдық адалдық стандарттарын нығайтуға ықпал етті.





